

Тайбекова Акмарал Есіркеповнадан

А Л Ғ Ы С Х А Т.

Менің басыма қиын іс түсті, не істерімді білмей қан қысымым көтеріліп, ұйықтай алмай жедел жәрдем шақырып, стационарлық ем қабылдауыма тура келді. Ауруханада жатқанымда дәрігер не себептен қан қысымым көтерілгенін сұрады, бір нәрсеге ашуланып ренжідіңіз бе деген кезде мен өзімнің сауатсыздығымнан сау басыма сауда тілеп алғанымды соның салдарынан мені сотқа беріп «жемеген самсама ақша төлетейін» деп жатқанын жылап отырып айттым. Сонда дәрігердің маған берген кеңесі Сіз адвокат Абдукаликова Гулжанға барып көмек сұрап жағдайыңызды түсіндіріңіз ол жақсы маман өз ісінің маманы, «қадалған жерінен қан алмай қоймайды» деген соң, жүрегіме жылы сөзі ем болып ауруханадан шыққанша адвокатқа жолыққанша асықтым.

Адвокат Гулжан Абдукаликова бір көргенде маған өте қатал сияқты көрінгенмен, сөйлесе келе оның адамға жанашыр екенін, адамды өзіне баурап алып, сендіре білетін, әр сөзін нығыздап айтып, заңның әрбір тармағын түсіндіре білетініне көзім жетіп, қорқыныш ұялап кірген жүрегім тыныштала бастағанын сездім.

Сонымен қолымдағы бар қағазды көрсеттім, адвокат Абдукаликова Гулжан мені өз машинасына отырғызып Жетісай қаласына алып кетті.

Істің мән-жайы төмендегіше:

Мен Мырзакент кентінде орналасқан Г.Абуованың жекеменшігіндегі дүкенге сатушы болып 17.09.2014 жылы жұмысқа тұрдым, маған 70.000 тенге жалақы төлеймін деп уәделестік, алайда ешқандай келісім-шартқа тұрған жоқпыз, қабылдау-өткізу актісін толтырған жоқпыз, маған келді да

мына магазиндегі товарды сатылғанын сатылғандай күніге дәптерге жазып отырасың мен кешке ақшасын жинап кетемін, жоқ товарды звондап айтсаң жеткізіп тұрамын деген соң кірісіп кетіп, жұмыс істедім.

19.11.2014 жылы кешке жақын магазинге егесі Г.Абуова келді де, айнама қарамастан, магазинді жап, адамдарды шығар жетісайға барамыз, деді, мен ештеме түсінбестен, машинаға отырып бардым, маған Г.Абуова барған соң нотариустың конторасына кірмей тұрып, «маған қағазға қол қойып бересің, саған дейін істеген қыздар мені алдап ақшамды жеп кеткен» деген соң, мен мақұл дедім, нотариуске кірген кезде нотариус шашымды істетуге кетіп бара жатырмын парикмахерге, көмекшім келісім шартты толтыра береді деп еді, Г.Абуова одан кеңес сұрады, мен магазинімді мына кісіге товарымен тапсырып едім, соған қандай келісім шарт жасасам болады деп еді, нотариус Р.Атигаева «ең дұрысы қарыз шартын жасаңыз» деп ақыл айтты, сонымен менің магазинімде 2.500.000 тенгенің товары бар, өзіме страховка ретінде жазып бересің, болмаса істетпеймін деген соң, мен қол қойып бере салдым. Бірақ үйге келген соң түнімен ойланып ертесіне Г.Абуованың күйеуіне барып маған нотариуске апарып 2.500.000 тенгеге қол қойдырғанын айтып едім, күйеуі «женше уайымдамаңыз ешкім сізден ол ақшаны өндірмейді, ол тек страховка ретінде қажет, күнделікті есеп беріп тұрсаңыз болды» деп шығарып салды, мен арнаған дәптеріме күнделікті сатқан заттарымның құнын жазып отырдым, алған заттарымды да сонымен Г.Абуова баласы екеуі кезек кезек қол қойдырып жүрді, екі жыл өткен соң, 01.10.2016 жылы Г.Абуова маған келіп, «мерзімің бітті, магазинді балама өткіз» деді, мен өткіздім.

Сөйтсем, бір айдан соң менен ақша өндіру ниеті бар екен, себебі маған үйге келіп, қарызға берген товарлардың тізімі жазылған дәптеріңді көрсетші деді, мен ойымда ештеме жоқ алып шығып көрсетіп едім, Г.Абуова алды артына қарамай дәптерді ала қашты да машинасына отырып кетіп қалды, сонда ғана мен оның ойында менен ақша өндіру ниеті бар екенін түсіндім.

Сонымен айтқым келгені, егер мен адвокат Абдукаликованың қызметіне жүгінбегенімде сол 2.500.000 тенге нотариус арқылы берілген қарыз шарты бойынша сот бұйрығы шығып, сот орындаушылар арқылы сол ақшаны төлеп отырар едім, алайда «аққа құдай жақ демекші» адвокаттың алғырлығының білімділігінің қайсарлығының арқасында мен сотта ұтып шықтым.

Нотариус Р.Атигаева арқылы берілген қарыз шартының күші жойылып, мәмлени жарамсыз деп танып, сот менің талап арызымды толық қанағаттандырып, қарыз шартының күші жойылып, Г.Абуованың адвокат жалдап /адвокаты Абдразаков Бұхарбай/ сотқа берген қарсы талап арызы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Г.Абуова соттың шешімімен келіспей Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық және әкімшілік сот алқасына апелляциялық шағым берді, облсоттың төрағасы Н.Шәріповтің төрағалық етуімен болған сот алқасында екі жаққа да бірнеше сұрақтар қойылып, жауаптар алынды, адвокат

Абдукаликова Гулжанның сотта сөйлеген сөздері, заңды түрде берген жауаптары, сот алқасының дұрыс шешім қабылдауына әсер етті, сонымен апелляциялық сот алқасы бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдырды.


Осындай тәжірибелі, өз ісінің нағыз маманы, көпшіліктің алғысына бөленіп абыройлы болып жүрген адвокат Абдукаликованың халыққа біз сияқты заңды білмейтін құқығын қорғай алмайтын азаматтарға көрсеткен көмегі үшін үлкен Аналық Алғысымды айтып, басшылары да қандай адвокаттарының бар екенін ескере жүрсін деген үмітпен осы Алғыс хатты жазып отырмын.

Соттың шешімі шыққанына бірнеше ай өтсе де көкейімнен кетпей жүрген ойласам бір қуанып бір жылап алатын болғандықтан, алғыстың ерте кеші жоқ қой деп жазып отырмын.

Осы Алғыс хатыма қосымша сот шешімі мен апелляциялық сот алқасының қаулысын қоса тіркеймін.

Адвокаттарды – қанатымен су сепкен Қарлығашқа теңедім.
Басымды иіп тағзым етемін.

Бұл алғыс хатты облыстық, республикалық құқықтық газет журналға да жолдаймын.

Құрметпен:  Тайбекова А.Е.